



010000, Астана қаласы
Бейбітшілік көшесі, № 11,
тел.: 55-68-82

010000, город Астана
ул. Бейбитшилик, № 11,
тел.: 55-68-82

26.02.25 № 104-01-12/354

№

Білім беру ұйымдарының басшыларына

«Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) ҚР оқу-ағарту министрлігінің ақпаратына сәйкес, соңғы бір жылда балалардың сауда орындарынан сатып алынған азық-түлік өнімдерінен улану фактілері көбейген хабарлайды. Анықтама үшін: 2023 жылдың маусым айында Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Сатай ауылында бірнеше бала жергілікті дүкеннен сатып алынған чипсы тағамнан уланған.

2023 жылдың желтоқсан айында Батыс Қазақстан облысында кәмелетке толмаған бес бала дүңгіршектен сатып алынған тәттілерден уланған.

2024 жылдың маусым айында Солтүстік Қазақстан облысында екі бала жергілікті дүкеннен сатып алынған тұщыпара мен газдалған сусындардан уланып, қайтыс болды.

2025 жылдың ақпан айында Ақтөбе облысындағы Қобда ауылында 18 оқушы дүкеннен сатып алынған ащы тағамдардан уланған.

Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында жүргізілген мониторинг пен тексеру нәтижелері білім беру нысандарында тыйым салынған өнімдердің сатылуын көрсетті.

Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың 177-179-тармақтарына сәйкес (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы) Білім беру және тәрбиелеу объектілерінің тамақтану объектілерінде, мектепке дейінгі ұйымдарда, балалар үйлерінде, балалардың сауықтыру және санаторий объектілерінде алып тасталады:

1) **Өндіру және сату:** қатық, сүзбе, айранды; туралған ет қосылған құймақтарды; флотша макаронды; зельцтер, форшмактар, сілікпелер, паштеттерді; кремі бар кондитерлік өнімдерді; тұтыну қаптамасындағы кондитерлік өнімдер мен тәттілерді (шоколад, кәмпит, печенье, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда және балалар үйлерінде – қалуа, мармелад, пастила); морстар, квастарды; фритюрде қуырылған өнімдерді; шала пісірілген жұмыртқа, қуырылған жұмыртқаны; күрделі (төрт компоненттен артық) салаттарды, каймақ пен майонез қосылған салаттарды; окрошканы; саңырауқұлақтарды; өнеркәсіптік емес дайындалған (үйде дайындалған) тамақ өнімдерін; тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар

негізіндегі бірінші және екінші тағамдарды; газдалған, емдік және емдік-асханалық минералдық суды, тәтті алкогольсіз сусындарды, алкогольсіз энергетикалық (сергітетін) сусындарды, диффузиялық қойылтылған шырындарды (қаптамаланған минералды және ауыз суды қоспағанда); фаст-фудтар: гамбургерлер, ход-догтар, пиццалар, наггетстер, чипсілер (чипсондар), дәмдік қоспалары бар тұздалған қытырлақ нанды; ащы тұздықтар, кетчуптар, ащы дәмдеуіштерді (бұрыш, ақшелкек, қыша) дайындауға және өткізуге;

2) **өндіру:** тізбесі тамақ өнімдерінің жекелеген түрлеріне қолданылатын, 021/2011 КО ТР техникалық регламентінің 8-бабында және Одақтың техникалық регламенттерінде айқындалған тамақ өнімін, осы Санитариялық қағидалардың 97-тармағында көрсетілген тамақ өнімін, пастерленбеген сүтті, термиялық өңделмеген сүзбені және қаймақты, йодталмаған тұзды және құрамында темір бар дәрумендермен, минералдармен байытылмаған (фортификацияланбаған) жоғарғы және бірінші сұрыпты бидай ұнын пайдалануға жол берілмейді.

Сондай-ақ білім беру объектілерінде тамақ өнімдерін автоматты түрде өткізуге арналған аппараттарды орнатуға және жаппай сауықтыру рәсімі ретінде оттегі коктейльдерін білім беру объектілерінде, мектепке дейінгі ұйымдарда, балалар үйлерінде өткізуге рұқсат етілмейді.

Балалардың тыйым салынған өнімдермен улану жағдайларының алдын алу және болдырмау үшін білім беру органдары мен білім беру ұйымдары **келесі шараларды қабылдауы қажет:**

1) санитарлық талаптарды мүлтіксіз сақтауға және білім беру ұйымдарында жоғарыда көрсетілген тамақ өнімдерін пайдалануға және өткізуге жол бермеуге;


2) тәрбие жұмысының жоспарларына балалар мен ата-аналар арасында тамақтану мәдениеті, балаларға пайдалы тағам әдеттерін сіңіру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын енгізуге;

3) ай сайынғы негізде өткізілген жұмыс туралы есепті тыңдай отырып, білім беру ұйымдарының бракераж комиссияларымен кездесулер өткізуге;

4) ведомствоаралық сараптама топтарымен бірлесіп, тыйым салынған тамақ өнімдерін сату тұрғысынан білім беру ұйымдарына мониторинг жүргізісін.

Жүргізілген жұмыстың нәтижелерін ағымдағы жылдың 3 наурызына қарай ұсыну қажет, кейіннен тоқсан сайын 3 маусым, 3 қыркүйек, 3 желтоқсан.

Басшы



К. Сенғазиев

Орынд: А. Ибрагимова
Тел.556920

